

**ЖӘНГІР ХАН АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
АГРАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ ғалымдарының библиографиясы

**БРАЛИЕВ
МАЙДАН
ҚАБАТАҰЛЫ**

Орал -2013

Жәңгір хан атындағы
Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
Ғылыми кітапхана

БРАЛИЕВ
МАЙДАН
ҚАБАТАҰЛЫ

Биобиблиографиялық әдебиеттер көрсеткіші

Орал - 2013

Құрастырған: Г.А. Кудабаева, ғылыми кітапхананың сектор
жетекшісі

Шығаруға жауапты: А. Б. Есенаманова, ғылыми кітапхана директоры

АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған көрсеткіш Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті ғалымдарының биобиблиографиялық сериясының жалғасы болып табылады.

Көрсеткіш ЖАК доценті, «Механикаландыру технологиялар және жерге орналастыру» кафедрасының меңгерушісі М. Қ. Бралиевтің ғылыми, ғылыми-педагогикалық, ұйымдастыру және қоғамдық іс-әрекеттері туралы мәліметтер негізінде құрастырылған. Арнайы бөлімдерде М. Қ. Бралиевтің әріптестері мен жолдастарының, шәкірттерінің естеліктері баяндалған. «Ғылыми еңбектер» айдарында ғалымның 1987 жылдан бастап осы күнге дейінгі ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектер тізімі енгізілген. Еңбектері хронологиялық және жыл ішінде алфавиттік тәртіппен орналастырылған.

Барлық мәліметтер библиографиялық жазбаларға қойылған талаптарға сәйкес келтірілген, және басылымдардың бірлескен авторлары көрсетілген.

Көрсеткішті құрастыру барысында Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ғылыми кітапханасындағы каталогтар мен картотекалар пайдаланды.

Биобиблиографиялық көрсеткіш ғылыми қызметкерлерге, ауыл шаруашылық мамандарына, оқытушылар мен магистранттарға және кітапхана қызметкерлеріне арналады.

Мәліметтер 2013 жылдың маусым айына дейін жинақталған.

Предисловие

Предлагаемый указатель является продолжением серии биобиблиографических указателей ученых Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана.

Указатель составлен из кратких сведений о научной, научно-педагогической, организационной и общественной деятельности М. К. Бралиева – доцента ВАК, заведующего кафедрой «Механизированные технологии и землеустройство». Содержит основные даты его жизни и деятельности. Отдельным разделом выделен список научных и научно-методических трудов за период с 1987 года по настоящее время. Труды расположены в хронологическом, внутри года в алфавитном порядке.

Все сведения приведены в соответствии с требованиями, предъявляемыми к библиографическим описаниям, а также указаны соавторы публикаций.

При составлении указателя были использованы каталоги и картотеки научной библиотеки Западно-Казахстанского аграрно-технического университета им. Жангир хана.

Указатель рассчитан на ученых и специалистов сельского хозяйства, преподавателей, студентов и магистрантов, а также библиотечных работников.

Отбор материалов закончен в июне 2013 года.

Профессор М. Қ. Бралиевтің ғылыми-педагогикалық, оқу-әдістемелік және қоғамдық іс-қызметі туралы очерк

Майдан Қабатаұлы Бралиев 1943 жылы 10 шілдеде Батыс Қазақстан облысы, Фурманов ауданының Фурманов ауылында дүниеге келген. Орта мектебін бітірген соң 1961 жылы Н. И. Калинин атындағы Саратов ауыл шаруашылығын механикаландыру институтына түсіп 1969 жылы аталған оқу орнын ойдағыдай бітіріп инженер-механик мамандығына ие болды. Институтта оқып жүргенде 1963 және 1966 жылдары арасында әскер қатарына шақырылып Германиядағы кеңес әскерлері тобында қызметін атқарды.

Институтты бітірген соң БҚО Фурманов ауданының Фурманов атындағы қой өсіру совхозында бас инженері, Орал жөндеу зауытында инженер-бақылаушы болып жұмыс істеді.

Ғылыми-педагогикалық қызметін М. Қ. Бралиев 1971 жылдың қыркүйек айынан Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтының мал шаруашылығын механикаландыру кафедрасында ассистент лауазымында бастады.

1977 - 1980 жалдар арасында КСРО Белоруссияның Минск қаласы Қаратопырақсыз аймағы ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру институтының ғылыми-зерттеу орталығының күндізгі аспирантурасында оқыды.

Аспирантураны бітірген соң мал шаруашылығын механикаландыру кафедрасында аға оқытушы лауазымында, ал 1991 жылдан доцент лауазымында жұмыс істеді.

М. Қ. Бралиевке Қазақстан Республикасының ЖАК шешімімен Ғылыми еңбектер жинағына байланысты ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендірудің доценті ғылыми атағы берілді, ал 1997 жылы университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен университет профессоры деген академиялық атағы берілді.

1997 – 2009 жылдар арасында «Машиналардың техникалық сервисі» кафедрасының менгерушісі, «Мұнай және газ» факультетінің деканы, жаңадан ашылған «Машина жасау» факультетінің алғашқы деканы, университеттің әкімшілік-шаруашылық қызметі бойынша проректор болып жұмыс істеді. 2009 жылдан бастап біріктірілген «Механикаландыру

технологиялары және жерге орналастыру» кафедрасының менгерушісі.

Ауылшаруашылық саласына жоғары білімді инженер-механиктерді даярлау бойынша оқу үдерісін ұйымдастыруда үлкен еңбегін сіңірді. Ол көптеген студенттердің дипломдық жобаларының жетекші болды. Оның ғылыми жетекшілігімен «Аграрлық техника және технология» мамандығының төрт магистранты ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындап диссертацияларын жазуда.

М. Қ. Бралиевтің ұсынысымен және өзінің белсенді қатысуымен кафедрада мал шаруашылық саласын механикаландыру бойынша екі зертхана және жерге орналастыру мен кадастр мамандықтарының пәндері бойынша екі зертхана ұйымдастырылды. Автотракторлық қозғалтқыштарды сынау зертханасында инжекторлы қоректендіру жүйелі «Mercedes C-180» замануя іштен жану қозғалтқышы орнатылды. Университеттің әкімшілігінің көмегімен ауылшаруашылық машиналар зертханасына астық жинайтын жаңа «ВЕКТОР» маркалы комбайн алынды.

Студенттердің тәжірибелік дайындалуын жақсарту мақсатында бірнеше ауылшаруашылық өндіргіштермен және шаруа қожалықтарымен студенттердің практикасын ұйымдастыру үшін оның ұсынуы бойынша келісім шарттар жасалды.

Басқа жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық келісім шарттар негізінде Ресейдің жоғары оқу орындарының аспирантураларында кафедраның алты оқытушысының оқуын ұйымдастырды.

М. Қ. Бралиевтің мінсіз жұмысын марапаттармен белгіледі: медальмен, төсбелгілерімен, құрмет грамоталармен және мақтау қағаздарымен. Ол Қазақстан Республикасы білімінің құрметті қызметкері болып табылады.

Оның біліктілігі жан-жақты, ұйымдастырушылық қабілеттілігі зор және қайраттылығы шексіз. Майдан Қабатаұлы Бралиев факультет, университет ұжымында және университеттің түлектері арасында сыйлы және үлкен құрметке ие.

Очерк о научно-педагогической, учебно-методической и общественной деятельности профессора М. К. Бралиева

Майдан Кабатаевич Бралиев родился 10 июля 1943 года в селе Фурманово Фурмановского района Западно-Казахстанской области. После окончания средней школы в 1961 году поступил в Саратовский институт механизации сельского хозяйства им. Н. И. Калинина и в 1969 году успешно его закончил получив квалификацию инженера-механика. Во время учебы в институте был призван в армию и в период с 1963 по 1966 годы служил в группе советских войск в Германии.

По окончании института Бралиев М. К. работал главным инженером в Фурмановском овцеводческом совхозе Фурмановского района ЗКО, инженер-контролером в Уральском ремонтном заводе.

Научно-педагогическую деятельность М. К. Бралиев начал в Западно-Казахстанском сельскохозяйственном институте с сентября 1971 года в должности ассистента на кафедре механизации животноводства.

С 1977 по 1980 год проходил обучение в очной аспирантуре центрального научно-исследовательского института механизации и электрификации сельского хозяйства Нечерноземной зоны СССР в г. Минск (Белорусия).

После окончания аспирантуры работал на кафедре механизации животноводства в должности старшего преподавателя, а с 1991 года – доцента.

В 1993 году М. К. Бралиеву решением ВАК РК по совокупности научных трудов было присвоено ученое звание доцента механизации и электрификации сельского хозяйства, а в 1997 году решением Ученого Совета университета присуждено академическое звание профессора университета.

С 1997 по 2009 год работал заведующим кафедрой «Технический сервис машин», деканом факультета нефти и газа, первым деканом вновь созданного машиностроительного факультета, проректором по административно-хозяйственной части университета. С 2009 года - заведующий объединенной кафедры «Механизированные технологии и землеустройство».

Бралиев М. К. внес большой вклад в организации учебного процесса по подготовке высококвалифицированных инженеров-механиков для отрасли сельского хозяйства. Он подготовил большое количество дипломников. Под его научным руководством четыре магистранта специальности «Аграрная техника и технологии» выполняют научно-исследовательскую работу и готовят диссертации.

По инициативе М. К. Бралиева и его активным участием на кафедре организованы две лаборатории по механизации отрасли животноводства, а также две лаборатории по дисциплинам специальностей землеустройства и кадастр. В лаборатории испытания автотракторных двигателей установлен современный двигатель внутреннего сгорания с инжекторной системой питания. При помощи высшего руководства университета для лаборатории сельскохозяйственных машин закуплен современный зерноуборочный комбайн «ВЕКТОР».

Для улучшения практической подготовки студентов по его инициативе с несколькими сельхозпроизводителями и крестьянскими хозяйствами заключены договора по организации практики студентов.

На основании договоров о сотрудничестве с другими высшими учебными заведениями он организовал учебу шести преподавателей кафедры в аспирантурах высших учебных заведений России.

Безупречную работу М. К. Бралиева государство отметила наградами: медалью, нагрудными знаками, а также почетными грамотами и похвальными листами. Он является почетным работником образования Республики Казахстан.

Его разносторонние знания, организаторские способности и неиссякаемая энергия снискали заслуженное уважение в коллективе факультета, университета и среди выпускников университета.

**Профессор М. Қ. Бралиевтің өмірі мен ғылыми қызметінің
негізгі кезеңдері**

**Основные даты жизни и деятельности профессора
М. К. Бралиева**

- 1943** 10 шілдеде Батыс Қазақстан облысының Фурманов (қазіргі Казталов) ауданы Фурманов ауылында.
10 июля родился в пос. Фурманово Фурмановском (ныне Казталовском) районе Западно-Казахстанской области.
- 1961-1969** Н. И. Калинин атындағы Саратов ауыл шаруашылығын механикаландыру институтының студенті.
Студент Саратовского института механизации сельского хозяйства им. Н. И. Калинина.
- 1963-1966** КА Қарулы күштерінің Германиядағы кеңес әскерлері тобында қызметте.
Служба в Вооруженных силах СА в группе советских войск в Германии.
- 1969** Н. И. Калинин атындағы Саратов ауыл шаруашылығын механикаландыру институтын бітірген, инженер-механик біліктілігі берілген.
Окончил Саратовский институт механизации сельского хозяйства им. Н. И. Калинина, присвоена квалификация инженера-механика.
- 1969-1970** БҚО Фурманов ауданының Фурманов атындағы қой өсіру совхозында бас инженер
Главный инженер в Фурмановском овцеводческом совхозе Фурмановского района ЗКО.
- 1970-1971** Ленин орденді Октябрь революциясының 50-жылдығы атындағы Орал жөндеу зауытында инженер-бақылаушы.
Инженер-контролер в Уральском ордена Ленина ремонтном заводе им. 50-летия Октябрьской революции.
- 1971-1997** Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтының «Мал шаруашылығын механикаландыру» кафедрасының оқу шебері, ассистент, аға оқытушы,

- доцент, профессор.
Учебный мастер, ассистент, старший преподаватель, доцент, профессор кафедры «Механизации животноводства» Западно-Казахстанском сельскохозяйственном институте.
КСРО Минск қаласы Қаратопырақсыз аймағы ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру институтының ғылыми-зерттеу орталығының аспиранты.
- 1977-1980** Аспирант Центрального научно-исследовательского института механизации и электрификации сельского хозяйства Нечерноземной зоны СССР г. Минск.
- 1993** ҚР ЖАК шешімімен Ғылыми еңбектер жинағына байланысты ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендірудің доценті ғылыми атағы берілді
Решением ВАК РК по совокупности научных трудов было присвоено ученое звание доцента механизации и электрификации сельского хозяйства.
- 1997** Университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен университет профессоры академиялық атағы берілді
Решением Ученого Совета университета присуждено академическое звание профессора университета.
- 1997-2003** «Машиналарға техникалық қызмет көрсету» кафедрасының меңгерушісі.
Заведующий кафедрой «Технический сервис машин»
- 2003-2005** Мұнай және газ факультетінің деканы.
Декан факультета нефти и газа.
- 2005-2006** Машина жасау факультетінің деканы.
Декан машиностроительного факультета.
- 2006-2009** Университеттің әкімшілік-шаруашылық қызметі бойынша проректор.
Проректор по административно-хозяйственной части университета.
- с 2009** «Механикаландыру технологиялары және жерге орналастыру» кафедрасының меңгерушісі.
Заведующий кафедрой «Механизированные технологии и землеустройства».

АМАНАТ АРҚАЛАҒАН АЗАМАТ

Т. Х. Рысқалиев,
философия ғылымдарының
докторы, профессор

Майданның балалық шағы Ұлы Отан соғысы жылдарындағы және одан кейінгі ауыртпалықтарға тап келді. 1943 жылы Майдан дүниеге келерден екі ай бұрын әкесі соғысқа аттанды. Әйелінің «ұлың бар» деген хатын алған Қабата-әке әйеліне: «Ұлымның атын Майдан деп қойыңдар» деп тапсырады. Өзі Курск маңындағы жойқын шайқаста мерт болса керек. Елге «Бралиев Қабата із-түссіз жоғалып кетті» деген қағаз келеді.

Майданның анасы Дүйсенова Қырмызы колхозда ер адамдардай еңбек етіп, қиыншылықтарға мойымай, ерінің аманатын атқарып, екі баласын адам қатарына қосады, білім береді, тәрбиелейді.

Соғыстан кейінгі басқа балалар сияқты Майдан да жастайынан еңбекке араласып, саман соғып, тас қалап еңбек етеді, анасына қолғабыс тигізеді. Жазғы демалыс кезінде 12 жасынан бастап колхозда күнге күйіп, масаға таланып, ХТЗ және МТЗ тракторларына тіркелген тырмада немесе косилкада отырып, пішен даярлау жұмысына қатысады. Ауылдағы әр алуан жұмыстар Майданның еңбекке қабілетін артырып, қиындықтарға төтеп беруге және жеңе білуге үйретеді.

Майданға тән ұқыптылық, ыждағаттылық, қажырлылық ана сүтімен және үлкендердің ақыл-кеңесімен және үлгісімен қалыптасса керек.

Сол кезде өсіп жетілген балаларға тән тағы бір қасиет - оқу-білімге және кітапқа құмарлық еді. Соғыстан кейінгі жылдары ауылда, мектепте және пішен басындағы қызыл отауларда газет-журнал, кітаптар көп болушы еді. Майдан Қабатаұлы сол кезде оқыған кітаптарын әлі де ұмытпайды және анда-санда жастық шағы еске түскенде сол кітаптарын қайтадан шолып шығады. Олардың ішінде: В. Лацистің «Потерянная Родина», «Сын рыбака», «Семья Зитаров», М.Шолоховтың «Тихий Дон», «Они сражались за Родину», «Поднятая целина», И. В. Тургеневтің «Записки охотника», Л. Толстойдың «Война и мир», «Анна

Каренина», М. Ауезовтың «Абай жолы», С. Мұқановтың «Мөлдір махаббаты». А. Толстойдың «Хождение по мукам» және тағы басқа шығармалар бар болатын. Бұл кітаптар оның рухани байлығын кеңітіп дүниеге, өмірге деген көзқарасын қалыптастырды деуге болады. Өкінішке орай, сол уақыттағы жалпы бағыт орысша білім алу болғандықтан, Майданға орыс сыныбында оқуға тура келді. Соның салдарынан ұлы халық әдебиетіне және тіліне еліктеушілік пайда болып, орысша ойлау қабілеті артты.

Орта мектепті алдыңғы қатарда бітірген бір топ сыныптас балалар Саратов қаласына оқуға аттанады. Майдан 1961 жылы Саратов қаласындағы М. И. Калинин атындағы Ауылшаруашылығын механикаландыру институтына түсіп, ауылшаруашылығын механикаландыру факультетінде оқиды. Жоғары кәсіптік білім ала отырып, сол кездегі тәжірибелі және білікті профессорлардың тағылымды дәрістерінің және тәлім - тәрбиесінің арқасында, шәкірттің кәсіби білімімен қатар, адамгершілік, мәдениеттілік, ізгілік, шыншылдық, жауапкершілік, тындырымдылық сияқты адами қасиеттері қалыптасады.

Институтта оқып жүріп, Майдан Кеңес Армиясы қатарына алынады. Әскери міндетті абыройлы атқарып, қайтадан оқуын жалғастырады. Қоғамдық жұмыстардағы белсенділігін және азаматтық есеюін ескеріп, институттың партия ұйымы Майдан Қабатаұлын КОКП-нің қатарына алады. Ол кезде партия қатарына тек тандаулыларды ғана алуға тырысатын.

Сол кезде Ресейдегі кейбір оқу орталықтарында кездесетін жерлестер ұйымы Саратов қаласында да құрылған болатын. Оның құрамына Саратовтың әр жоғары оқу орнында оқитын 200-ден астам студенттер кірген еді. Осындай ұйым арқылы олар қазақ мәдениетіне ден қойып, ұлттық сана-сезімін жетілдіруге мүмкіндік алды. Қазақ жастары анда-санда Саратовтың В. И. Ленин атындағы орталық алаңына жиналып, халық әндерін айтып, қазақ жазушыларының шығармаларын талқылайтын. Қазақ вальсінің королі Ш. Қалдаяқовтың әндерін орындап, өзара жарыс ұйымдастыратын еді. Шет жерде жүрген жастарымыздың, елге деген сағынышы сол кезде мол болатын. Қазақ студенттері

орыс жерінде жүріп, өзара қазақша сөйлесуді әдетке айналдырғанды.

1969 жылы оқуды тамамдап, Майдан сол кездегі Фурманов ауданының Фурманов атындағы қой совхозына бас инженер болып орналасады. Инженер-механиктер мен әр саладағы механизаторлардан құралған ұжымды басқара жүріп, жас маман тәжірибелі жұмысшылардың, бригадирлердің іс-тәжірибесінен көп сабақ алады, тағы бір оқу орнын бітіргендей өсіп жетіледі. Адамдардың еңбекке қатынасын бақылай отырып, олармен тіл табысудың, оларды іске жұмылдырудың әдіс-амалдарын іздестіреді. Ауылда істеген он шақты жыл Майдан үшін үлкен еңбек мектебі болды, инженерлік кәсіби қабілеті мен тәжірибесі көбейді.

1970 жылы Майдан Орал қаласында аз уақыт В. И. Ленин атындағы машина жөндеу зауытының тоғызыншы машина жөндеу цехында бақылаушы-инженер болып жұмыс істейді. Бұл арада ол машина жөндеудің технологиясын жете меңгеруді алдына мақсат етіп қояды. Совхоздағы және зауыттағы жұмыс тәжірибесіне сүйеніп, Майдан ендігі жерде жаңадан ашылған Батыс Қазақстан Ауылшаруашылық институтына жұмысқа тұруды көздейді. Көп кешікпей бұл жоспары жүзеге асып ол 1971 жылы ауыл шаруашылығын механикаландыру факультетінің «Мал шаруашылығын механикаландыру» кафедрасына ассистент болып орналасады. Мұнда Майдан кафедра меңгерушісі техника ғылымдарының кандидаты, доцент С. Ш. Джубаев, доценттер П. И. Кульпин және С. Ф. Мерзлякова сияқты білікті мамандардың дәрістерін тыңдап, сабақтарына қатысып, өзі де іздене жүріп, оқу үрдісінің технологиясын терең меңгеріп алады.

Бірақ жоғарғы оқу орнында жұмыс істеу үшін, практикалық қызмет пен тәжірибе жеткіліксіз екенін Майдан жақсы түсінді. Ол енді теориялық білімін жетілдіруге, ғылыми жұмыспен шұғылдануға бел байлады. Осы мақсатпен ол 1977 жылы Белоруссияның Минск қаласындағы «ЦНИИ механизации и электрификации сельского хозяйства нечерноземной зоны СССР» атты зерттеу институтына аспирантураға түседі. Тынбай оқып, ізденудің арқасында Майдан аспирантураны мерзімінде ойдағыдай бітіріп шығады. Өзіне жолдама берген институтқа

қайта оралып, аға оқытушы ретінде ұстаздық қызметін жалғастырады. Содан бері ол 100-ге тарта ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектер жазып, жарыққа шығарады. Солардың ішінен сегіз авторлық өнертабысты және патенттерді атап өтуге болады. 1993 жылы ҚР Жоғарғы аттестациялау комиссиясы Майданға ғылыми еңбектерінің саны мен сапасына сүйеніп, ауылшаруашылығын механизациялау саласы бойынша доцент атағын береді. Институтта жұмыс істей жүріп, Майдан Қабатаұлы ассистент, аға оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі, «Мұнай мен газ және машина жасау» факультеттерінің деканы сияқты лауазымды қызметтер атқарып, педагогикалық және ғылыми жұмыста жақсы танылады.

Майданның қабілетін, кәсіби біліктілігін дер кезінде байқап, сол кездегі институттың бірінші проректоры профессор Қ.Қ.Бозымов оны «Технический сервис машин» кафедрасының меңгерушісі қызметіне ұсынады. Бұл кез - КСРО тарап, Қазақстан жеке тәуелсіз мемлекет болып құрылған уақыт болатын. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында институтта студентті қабылдауға мемлекеттік сұраныс болған жоқ. Осындай қиын-қыстау жағдайда Майдан сияқты кафедра меңгерушісіне қалай еткенде де ауыл шаруашылығын механикаландыру факультетінің ұжымын таратпаудың амалын ойластыру қажет болды. Ректораттың тапсырмасы бойынша Майдан бастаған кафедра оқытушылары ауылдарда кәсіби бағдарлау жұмысын тиянақты жүргізіп, 1997-1998 жылдары «Технический сервис машин» мамандығы бойынша 70-80 студентті ақылы негізде оқуға тарта білді.

Қарашығанақтағы мұнай кен орнын игеруге байланысты университетте «Мұнай және газ» факультеті ашылды. Жаңа факультеттің деканы болып 2003 жылы наурызда Майдан Қабатаұлы тағайындалды. Майданның ұйымдастыру қабілеті, іскерлігі, істің жайын тиянақты білуі арқасында жаңа мамандықтардың оқу үрдісін ойдағыдай жолға қоюға мүмкіндік туды. Ректораттың тапсырмасымен Майдан Қабатаұлы Самара мемлекеттік техникалық университетіне, Уфа мемлекеттік мұнай техникалық университетіне барып, сондағы оқу процесімен жете танысты. Сөйтіп, жаңа мамандықтардың оқу жұмыс жоспарлары құрылып, студенттерге сапалы білім беру ісі қолға алынды. Көп

кешікпей, осы факультеттегі студенттер саны 1376 жеткіншіктерге дейін жетті. Олардың 74 пайызы мемлекеттік грантпен оқыды. Факультет жаңа оқытушылармен толықтырылып, жоғарыда аталған университеттерден тәжірибеден өтті.

Ректор Қ. Қ. Бозымовтың ұсынысы бойынша деканат «Машина жасау» мамандығын ашуға әзірлік жұмыстарын бастады, қажетті құжаттар, қызметтік жазба, тиісті орындарға жіберілді. Нәтижесінде жаңа мамандық ашылып, соның негізінде 2005 жылы «Машина жасау» факультеті құрылды. Оның да алғашқы деканы болып Майдан Қабатаұлы тағайындалды. Деканат кредиттік технология бойынша оқу әдістемелік бағдарлама жасап, студенттерді алғаш рет осы жүйе бойынша оқыта бастады. Жаңа оқу технологиясы еліміздің және ТМД елдерінің жетекші жоғары оқу орындарында тәжірибе өту арқылы толық игерілді. Жаңа факультеттің оқу корпусының жобасы жасалып, кейін ректордың табандылығымен үш қабатты оқу ғимараты іске қосылды. Сөйтіп, «Машина жасау» факультеті өз алдына отау құрып, аз уақыттың ішінде білім және ғылым саласында алдыңғы орындардан көрінетін болды.

Майдан өзін тағы бір тынымсыз, қиын қызметте өзін өзі көрсете білді. Бұл үш жылға созылған (2006-2009) әкімшілік шаруашылық бөлімінің проректоры болып істеген кезі.

Майдан қазір зейнеткерлік демалысқа шықса да жұмыстан қалмай, «Ауыл шаруашылығын механикаландыру технологиялары мен құралдары» кафедрасын басқарып, жоғары білімді мамандар даярлауға өз үлесін қосып келеді.

Мұның бәрін тізіп-теріп айтып отырғанымыз – кейіпкеріміздің азаматтық тұлғасын ашып көрсетуге тырысқан ниетімізге байланысты. Өмір деген тартыс, күрес, өмір деген майдан. Баласына Майдан деп ат қоюды тапсырғанда Қабата - әке өзі қақ ортасында жүрген қанды қырғын соғысты ғана меңзеп отырмаса керек. Баласының өмір деген майдандағы өз орнын тауып, жақын-жуықтарының, айналасының, еңбек еткен ортасының, қала берді, елінің маңдай алды азаматы болып өмір сүрсе екен деген үмітін білдергені шығар деп ойлаймыз.

Қалай болса да Майдан әке аманатын ақтады. Танымал тұлға, білікті маман, шебер ұйымдастырушы, үлкенге іні, кішіге

ақылғой аға, сүйікті жар, өнегелі әке, адал дос, жан-жақты азамат ретінде Майдан қазір арамызда жарқылдап жүр.

Тұлға болу үшін адамға мінез, ерік-жігер керек. Майданда мінез де, жігер де жетерлік. Тура, шыншыл, ойындағысын кімге болса да, қайда болса да түсінетіндей, мойындайтындай, қабылдайтындай қылып айта алады. Ешкімге қиянат жасамай, адалдықтың ала жібін аттамай, өзімен де, басқалармен де үйлесіп өмір сүріп келеді.

70-ке аяқ басса да Майдан әлі қатарда, кафедра меңгерушісі, профессор ретінде қызу еңбектің ортасында.

Өмірлік жары, сүйкімді Сәулемен бірге үш қызын құтты жеріне қондырып, немере-жиендер сүйіп, құда-жекжаттарымен, достарымен, әріптестерімен мидай араласып, қызғылықты ғұмыр кешуде.

Майданға достарының тілегі: ғұмыр – жасың ұзақ болып, қосағыңмен қоса ағар, қыз-күйеулерінің, немерелеріңнің қызықтары мен жетістіктеріне куә болып, есен-сау арамызда жүре бергейсің.

АҒА ЖОЛЫ БІЗГЕ ӨНЕГЕ

Ғ. Ожанов,

доцент, а.-ш. ғ. кандидаты

Елбасы «Сапалы білім Қазақстанды индустрияландыру мен инновациялық дамытудың негізі болуы тиіс» деп, білім саласының алдына техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін реформалау, оқыту мазмұнын толық жаңарту міндетін қойды. Осындай игі істің жолында, кәсіптік-техникалық мамандар даярлауда, қажымас қайратымен Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан агралық-техникалық университетінің Политехникалық факультетінің «Механикаландыру технологиялары мен жерге орналастыру» кафедрасының меңгерушісі, ЖАК доценті Бралиев Майдан Қабатаұлы университетіміздің мерей тойымен қатар мерейлі 70 жасқа аяқ басты.

Бралиев Майдан Қабата ұлы 1943 жылы 10-шы шілдеде Батыс Қазақстан облысы, Фурманов ауданының Фурманов

ауылында партия қызметкерінің отбасында дүниеге келген. Әкесінен ерте айырылып, жастайынан қиындықтың ащы дәмін татқан, әйтсе де ақылына өзі сай анасы Қырмызы апай ешкімнен кем қылмай, бағып-қағып, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеп өсірген.

1950 жылы Фурманов ауданының Фурманов орта мектебіне барып, 1961 жылы осы ауданның Пятимар ауылының Буденов орта мектебін тәмамдаған соң, Саратов қаласындағы Н.И.Калинин атындағы ауыл шаруашылығын механикаландыру институтына түсіп, 1969 жылы аталған оқу орнында инженер-механик мамандығын тәмамдаған. Институтта оқып жүріп үзіліспен 1963-1966 жылдары Германияда Кеңес армиясы қатарында борышын атқарды.

1969 жылы институтты аяқтағаннан кейін Фурманов ауданының Фурманов қой шаруашылығы совхозына бас инженер ретінде бағытталды, ал 1970 жылы Орал машина жөндеу зауытында мотор жөндеу шеберханасында инженер болып жұмыс жасаған.

1971 жылдың қыркүйек айынан бастап Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтында, мал шаруашылығы кафедрасында ассистент болып жұмыс жасайды.

Институт қабырғасында жүргенде жас маманның білім мен ғылымға деген құштарлығы толғандырмай қоймайды. 1977-1980 жылдары Беларусьияның Минск қаласындағы ауылшаруашылығын электрлендіру және механикаландыру орталық ғылыми зерттеу институтында (ЦНИИМЭСХ-де) аспирантурасын тәмамдаған. Аспирантураны аяқтағаннан кейін мал шаруашылығы кафедрасында аға оқытушы лауазымында, ал 1991 жылдан доцент ретінде қызметін жалғастырды.

1993 жылы Қазақстан Республикасының ЖАК шешімімен доцент ғылыми атағы (ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру мамандығы бойынша) берілген.

1997 жылдың наурыз айынан Батыс Қазақстан аграрлық университетінің Политехникалық факультетінде жаңадан құрылған «Машиналардың техникалық сервисі» кафедрасына меңгерушісі болып тағайындалды және «Машина сенімділігі мен жөндеу» пәні бойынша университет кеңесінің шешімімен профессор лауазымы берілді. Өмірлік тәжірибемен шыныққан Майдан Қабатаұлының кәсіби педагогикалық шеберлігі, оның

эрудициялығы, жаңашылдығы және прогрессивтік сезімділігі жоғары бағаланды. Ол «Машина сенімділігі мен жөндеу», «Мал шаруашылығындағы қондырғыларға сервистік қызмет көрсету» және т.б. пәндер бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде дәріс және зертханалық сабақтарды жоғары оқу-әдістемелік деңгейде, жаңа ғылыми-техниканың жетістіктерін пайдалана отырып жүргізеді. Сонымен қатар, жыл сайын күндізгі және сырттай оқу бөлімінің студенттеріне жетекшілік етіп, олар дипломдық жұмыс-жобаларын үздік бағамен қорғап келеді, МЕК-ның шешімімен қорғалған дипломдық жұмыстар өндіріске енгізуге ұсынылған.

Кафедра меңгерушісі қызметін атқара жүріп, профессор М. К. Бралиев «ҚР нарықтық қатынастар жағдайында «Агротехсервис» жүйесінің тәжірибесін зерттеу және жұмысын жетілдіру» тақырыбының жетекшісі ретінде үлкен ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізді. Осы тақырып бойынша 8 ғылыми еңбекті баспадан шығарып, олардың нәтижесін өндіріске енгізу жөнінде ұсыныс алды.

2003 жылдан бастап «Мұнай және газ» факультетінің, ал 2005 жылдан жаңадан ашылған «Машина жасау» факультетінің алғашқы деканы қызметіне тағайындалды.

2006 жылдың тамыз айынан бастап 2009 жылдың тамызына дейін университеттің әкімшілік саласының проректоры және «Мұнай негіздері» кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Істі ұтымды ұйымдастырушы және басқарушылық қабілетімен, талапшылдықтың арқасында университеттің қалашығы әсем де әдемі, экологиялық жағынан таза ауданда қоныс тепкен оқу орнының ауданын абаттандыру, экологиялық тазалығын сақтап, көшеттер отырғызу, автономды жылыту жүйесін дамыту сияқты басқа да жұмыстарды ойдағыдай жүргізді.

Өзінің еңбек жолын университетіміздің қабырғасында өткізген М. К. Бралиевтің оқу-әдістемелік жұмыстары оқу үрдісінде кеңінен қолданылып келе жатыр. Соның ішінде 90-нан астам оқу-әдістемелік және көптеген ғылыми жұмыстары мен мақалалары баспадан жарияланған. 8 өнертабыс пен патентке авторлық

куәліктерін атап көрсетуге болады. «Агротехсервис» мамандығы бойынша оқу бағдарламасы жазылып, жетілдіріліп шығарылған.

Өзінің жетекшілік ететін «Құрастырылған сіңіргішті тіке себу аппаратын зерттеу» тақырыбындағы ғылыми жұмыстарын басқара отырып 2 мақала және 8 зертханалық жұмыстан тұратын «Азықтарды әзірлеуді механикаландыру» оқу-әдістемелік құралын жазып, басып шығарып, республикалық ISBN баспасынан шығарды.

Тәжірибелі басшы, кафедра меңгерушісі және факультеттің деканы қызметтерін атқарған кезінде, жаңадан ашылған мамандықтардың оқыту жүйесін арттыру мақсатында Ресейдің, өзіміздің елдің дамыған университеттерінің оқу-әдістемелік жұмыстарымен таныса отырып, оқу жоспары мен оқу-әдістемелік жоспарларын жетілдіріп құрды, жаңа оқу технологиясын ендіріп, студенттердің тәрбие және өндірістік тәжірибе жұмыстарын жоғары деңгейде ұйымдастыра білді.

Кафедра меңгерушісі және доцент ретінде жоғары басшылықтың тікелей көмегімен кафедраға өте қажетті машиналар мен агрегаттарды сатып алып, зертханаларға орналастырды. «Ауыл шаруашылық машиналары» зертханасына жаңа «ВЕКТОР» комбайны; «Сүтті сау, өңдеу» зертханасына 50 сиырды саууға арналған АДМ-8-50 сауын қондырғысы және СҒЗЖ зертханасына сауын агрегаты, жылу алмастыру коэффициентін анықтайтын, сауын стаканының жұмыс принципінің диаграммасын жазатын, сепаратордың қуаты мен жылдамдық алу уақытын анықтайтын қондырғылармен жасақтады.

Университет басшылығымен келісе отырып, Башкирияның Мемлекеттік мұнай техникалық университеті, Саратов қаласының Мемлекеттік техникалық университеті, Орынбор мемлекеттік аграрлық университеті, Н. И. Вавилов атындағы Саратов мемлекеттік аграрлық университеті және Мәскеу жерге орналастыру университетімен шарт жасасып, аталған университеттерге оқытушыларды аспирантураға орналастырды. Олардың ішінде біліктілігін жетілдіріп, ғылыми еңбектерін қорғап, қазіргі кезде университетіміздің, факультетіміздің білімді және тәжірибелі оқытушылары ретінде жұмыстарын жасап жүр.

Сонымен қатар, кафедраның зертханаларын жаңа машиналар мен зертханалық қондырғылармен жасақтай отырып, кафедраның жоғары тәжірибелі оқытушыларын жұмысқа тарта білді және олардың біліктілігін арттыру мақсатында Қазақстан және шет мемлекеттердің басқа алдыңғы қатарлы университеттерінде оқытып, тәжірибе жинақтауға және оқытушылары аспирантураға бағыттап келеді.

Майдан Қабатаұлы мінсіз қызметі үшін көптеген құрмет грамоталарымен және мақтау қағаздарымен қатар, келесі марапаттаулардың иесі:

- 1965 жылы ССРО-ның қорғаныс министрлігінің «Ұлы Отан соғысының жеңісіне 20 жыл» медалімен;

- 2003 жылы ҚР білім және ғылым министрлігінің «ҚР ғылымды дамытудағы қызметі үшін» төс белгісімен;

- 2008 жылы «Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-нің ардагері» төс белгісімен;

- 2010 жылы ҚР білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасы білімінің құрметті қызметкері» төс белгісімен марапатталған.

Отбасы бар, үш қыз тәрбиелеп өсірген Майдан Қабатаұлы, өзіндік салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, беделі бар ағамыз бұл күнде мерейлі 70 жасын атап өткелі тұрған университетіміздің құрметті ардагері, ұлағатты ұстаз.

ҰСТАЗ – ҰЛАҒАТТЫ ЕСІМ

Шәкірттері:

Б. Т. Шакешев - техн. ғыл. канд., «Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасының меңгерушісі

К. А. Нариков - техн. ғыл. канд., «Мұнай газ ісі және машина жасау технологиясы» кафедрасының меңгерушісі

Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беріп, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ұстаз әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді.

Тәуелсіз ел атанып, төбемізге ту тігіп, тіліміздің мәртебесі артып жатқан кезде елдің болашағы – жас ұрпақ тәрбиесіне де

